

ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫСТАР

Орындаған: Әділбек.Г

Қабылдаған: Кадрешов.Е

ЖОСПАР

Кіріспе

1. Қауіпті гидрологиялық құбылыстар

1.1 Гидрологиялық қауіпті құбылыстардың түрлері

1.2 Қар көшкіні қауіпі бар аймақтар

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Kіpіcne

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар - дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалары), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын тудыратын ТЖ.

Ішкі суқоймаларда болатын гидрологиялық қауіпті құбылыстардың түрлері: су тасқыны, су тасу, нөсерлік су тасу, желдік айдамалар, судың төменгі деңгейлері, сел буылуы және тоқтауы, жер асты сулар деңгейінің көтерілуі. Теңіздік гидрологиялық қауіпті құбылыстар: тайфундар, теңіз деңгейінің қатты толқулары (5 балл және одан да көп) немесе тербелісі, мұздық жамылғы және т.б.

Гидрологиялық алдын-ала бақылаудың
мынадай жүйесі бар:

1. Қысқа мерзімдік (10-12 тәулік);
2. Ұзақ мерзімдік (2-3 айға дейін);
3. Өте ұзақ мерзімдік (3 айдан жоғары).

1. Қауіпті гидрологиялық құбылыстар

Қауіпті гидрологиялық құбылыстар - әр түрлі табиғи немесе гидродинамикалық факторлардың немесе екеуінің қосындысының әсер етуінен пайда болатын, адамдарға, ауылшаруашлық малдары мен дәнді дақылдарына, экономика нысандары мен қоршаған табиғи ортаға зақым келтіретін, шығу тегі гидрологиялық болып келетін оқиға немесе гидрологиялық процесстердің нәтижесі.

1.1 ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Апаттық тасқын - қирау мен құрбандыққа алып келетін, көлемі жағынан көрнекті, қайталануы жағынан сирек тасқын. Апаттық тасқын түсінігі, сондай — ақ салдары қиратуға алып келген су тасуға да қатысты қолданылады.



Жинақталу -
судың
сығылысуын және
осыған
байланысты су
деңгейінің
көтерілуін
туғызатын мұз
көшу кезіндегі
мұздықтардың
өзен арнасына
жиналуы.

Кептеме -
судың
сығылысуын
және осыған
байланысты су
деңгейінің
көтерілуін
туғызатын өзен
арнасындағы
майда мұздардың
жиналып қалуы.

Цунами - су асты
және
жағалаулардағы
жер сілкінісі
кезінде пайда
болатын теңіз
толқындары.
Қазақстан үшін
орын алуы
екіталай құбылыс,
алайда Каспий
теңізі айлағында
орын алу
мүмкіндігін естен
шығаруға
болмайды.



Қар көшкіні – адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, экономика нысандарына және қоршаған табиғи ортаға шығын келтіретін, жылдам әрі кенеттен болатын қардың және (немесе) мұздың таудың тік баурайымен қозғалуы.



1.2 Қар көшкіні қауіпі бар аймақтар

Қар көшкіні қауіпі бар аймақ - адамдардың өмірі мен денсаулығына, экономика нысандарына және қоршаған табиғи ортаға зақым келтіретін немесе келтіруі мүмкін қар көшкіні қауіпі бар таулы аймақ.

Қар көшкінінің тууына ықпал ететін маңызды факторлар қалың қар мен таудың тік баурайлары болып табылады. Қар көшкінінің алуан түрлі қалыптасу жағдайының нәтижесінде олардың түрі мен көлемінің айтарлықтай айырмашылықтары бар. Қар көшкіні тау баурайындағы қардың салмағы оның беріктігінен асып кеткен кезде пайда болады. Қазақстандағы қар көшкіні қауіпі бар аймақ 95 мың км² жуық аймақты алып жатыр, жоғарғы және орташа қар көшкіні қауіпі бар аймақ - 25 мың км² жуық. Олар негізінен еліміздің таулы аймақтарының шығыс және оңтүстік - шығыс аймақтарында орналасқан. Республикада жаңа жауған қардан пайда болатын және қаркынды жылымық кезінде пайда болатын қар көшкіндері саны жағынан көптеп кездеседі.



Қорытынды

Елді мекендердегі тасқын кезіндегі қауіпсіздік көп жағдайда оның алдында жүргізілген сақтандыру жұмыстарымен қамтамасыз етіледі.

Республика аумағындағы көптеген тасқындардың тасқын судан болатындығы белгілі болып отыр. Ескерту жұмыстарының тұтас жүйесі бар: судың басылуы күтілетін аумақтағы тасқын судың арнасын бұру; су қоймасы, бөгет, тосқауыл тұрғызу, жағаны биіктету және су түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу, ғимараттар мен үйжайларды судан оқшауландыру қондырғысын қою, қысқа бұталы ағаштар отырғызу, жүзу және құтқару құралдарын жасау және даярлау.

*Назарларыңызға
рахмет !!!*

